

**Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии**

**МӘНГІЛІК ЕЛ – ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ
ЕДИНСТВО, МИР И СОГЛАСИЕ**

*Материалы - Международной
научно-практической конференции
(г. Астана, 2017г.)*

УДК 378:327(063)
ББК 74.58+66.4
М 36

Ответственный научный редактор Нечаева Е.Л.
К.п.н., профессор

Редакционная коллегия:
Копежанова Д.Е., Дюсембекова М.К., Жанпейсова Қ.Д.

Мәңгілік Ел – Общенациональное единство, мир и согласие: сбор.матер. VI-
Межд. науч.-прак. конф.– Астана, ТОО Мастер По, 2017.- 174 с.

ISBN 978-601-301-928-4

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов казахстанских и зарубежных вузов.

В нем рассматриваются ключевые аспекты социальных и политических процессов Евразийской интеграции, социально-коммуникативные технологии и инновационные процессы в обществе.

В материалах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение Закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций и научные руководители.

УДК 378:327(063)
ББК 74.58+66.4

ISBN 978-601-301-928-4

© Кафедра политологии
ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 2017

**Әбілхан Т.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
«Саясаттану» мамандығының 1 курс студенті
г. Астана, Қазақстан
(Ғылыми жетекші: PhD, доцент Көпежанова Д.Е.)**

ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАР

«Этнос» ұғымына тоқтала кетсек. Тар мағынада алғашқылардың бірі болып "этнос" ұғымына анықтама берген М. Вебер: "Этнос - мүшелері сыртқы бейнелерінің, әдет-ғұрыптарының ұқсастықтарына қарай немесе ортақ отаршылық не көші-қонды басынан өткерген тағдырлас тарихына қарай өздерінің шығу тектерінің бір екендігіне сенетін топ" деген болатын. Алайда, Лев Гумилев "Халықтар қалай пайда болады және жоғалады?" деген атақты еңбегінде, дүние жүзіндегі халықтардың пайда болу, өсу, өркендеуін және олардың біртіндеп өшіп, жоғалу заңдылықтарын диалектикалық тұрғыда, тарих, география және биология (оның ішінде экология және генетика саласы) ғылымдары негізіне сүйене отырып, "этнос" туралы ғылыми дәйекті анықтама берген еді. Л.Гумилев "этнос" туралы соңғы уақытқа дейін әр түрлі түсінік-анықтамалардың болғанына тоқталады.

Айталық, біреулер "этнос дегеніміз — шығу тегі бір халықтар" десе, екіншілер "этнос — тілдің бірлігіне негізделген мәдениеттің тууы" дейді. Ал үшіншілері "этнос — бір-біріне ұқсас адамдар тобы" десе, төртіншілері "этнос - сана-сезімдері бір адамдар тобы" дейді. Ал көрнекті тарихшы-этнограф Лев Гумилев: "Этнос дегеніміз – жер бетіндегі белгілі бір тіршілік аймағы мен әлеуметтік ортаның білігінде жатқан салт- дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық кәсібі, мінез-құлқы, тілі мен мәдени мұрасы бір халықтар тобы" деген анықтама береді. Сонымен «этнос» ұғымы нені білдіреді, жалпы этнос дегеніміз не?

Этнос [грек, ethnos - тайпа, халық] дегеніміз – қандық-тектік туысқандықпен және тіл, мәдениет, дін және тағы басқа белгілердің ортақтығымен байланысқан адамдардың үлкен ұжымы. Этностың негізгі белгілері туған тілі, жер аумағы, өзіндік санасы, діні, мәдениеті, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. ал этносаралық қақтығыстар дегеніміз - қандай да бір аумақта, көпэтникалы мемлекеттерде этностардың арасындағы әртүрлі себептерден туындаған қақтығыс. Басқа қақтығыстарға қарағанда зардабы ауыр, шешілуі қиын болып табылады. Тайпааралық және ұлтаралық жауығу ғасырлар бойы орын алып келеді.

Адамзаттың әлеуметтік тарихынан халықтар арасындағы өзара қатынас проблемасынан өткен соншалықты күрделі, қайшылықты да шиеленіскен мәселені табу қиын. Мысалы, ең тыныш саналатын Еуропаның өзінде Франция, Солтүстік Ирландия, Корсика сияқты мәселелердің бар екендігі

белгілі. Діни – этностық себептер бойынша Таяу және Орта Шығыстың, Оңтүстік Азияның мемлекеттері арасындағы көп жылдарға созылған қарсы тұрушылық жалғасуда. Африкада этностық қақтығыстар кейде тұтас халықтардың ағайындастарды өлтіру соғысының түріне ұласуда. Ұлтаралық проблемалардың Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бірқатар өңірлерінде де шиеленіске түсу үдерісі бар. Этносаралық қақтығыстардан болған құрбандардың саны кәдімгі соғыстардан да көп. Мәселен, XX ғасырдың екінші жартысында 300-ге жуық қақтығыс тіркелсе, олардың салдары айтарлықтай адам өліміне алып келді.[1]

Ал Қазақстанда қазіргі жағдайда этносаралық қақтығыстардың қанат жаю қаупі бар ма? Егер болса қандай және оның алдын алу жолдары қандай? осы сұрақтарға жауап іздеп көрелік. Бүгінде Қазақстан 140 астам этнос өкілдерінен тұратын полиэтникалық мемлекет болып табылады. Халықтың жалпы санын 55,8 % - қазақтар, 28,3 % - орыстар құрайды. Ең ірі диаспоралар ішінен украиндарды -3,3 %, өзбектерді - 2,6 %, немістерді - 1,8 %, татарларды - 1,6 %, ұйғырларды - 1,5 және басқаларды айтуға болады. Сол себептен этносаралық өзара қатынастарды зерттеу мәселелері қазіргі уақытқа дейін өз өзектілігін жоғалтпайды. Дамыған, өркениетті қоғам құру, құқықтық мемлекет пен толыққанды азаматтық қоғам қалыптастыру қай елде болмасын, сол мемлекетте ұлттар мен халықтардың татулығынсыз мүмкін емес. Қазіргі кезде әлемде 3000-ға жуық ұлттар мен ұлыстар өмір сүріп отыр. Олар екі жүзден астам мемлекетке біріккен.

Әлемдегі мемлекеттердің басым көпшілігі бірыңғай бірұлтты емес, көп ұлтты. Әлемнің аймақтарының халқы барған сайын этностық құрамы, мәдениеті мен өмір салты бойынша әркелкілене (әр түрлі бола түсуде) түсуде. Бұл халықаралық және ішкі мемлекеттік көші-қонның өсуі мен некенің санының артуының т.б нәтижесі. Бұл заңды процесс болып табылғанымен, өкінішке орай көп жағдайда ұлтаралық шиеліністің күшеюіне, кейде тіпті қан-төгіске әкеленетін ашық дау-жанжалдарға да алып келіп ұрындыруда.

Соған байланысты, ұлтаралық, этносаралық қақтығыстар қазіргі таңда қоғамдағы көкейтесті мәселенің біріне айналып отыр. Ертеден орныққан мемлекеттердің өзінде этникалық сызаттар пайда болып отырады – деп Адам Смит айтқандай, Қазақстанда да бұл мәселе шешімін таппай келе жатқан даулы мәселе екеніне күмән жоқ.

Алайда 1995 жылы құрылып бүгінгі күнге дейін көп игі істер атқарып келе жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық келісім мен татуластықты, ұлттардың біртұтастығын сақтауды қамтамасыз етіп басты міндеттерін орындауда және тиімді түрде шешуде.[2] Бұл ұйымның алдына қойған мақсат-міндеттерінің бірі – нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатысына, қандай әлеуметтік топқа жататындығына қарамастан республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының теңдігін, халықтар достығы мен ұлтаралық келісімді нығайту мен сақтау.

Этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз етудің басымдықтары Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қоғамның идеялық ұйысуы Қазақстан прогресінің басты шарты» атты бағдарламалық еңбегінде, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында, ҚР мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру тұжырымдамасында көрсетілген. Бұл тақырып Мемлекет басшысының «Тарих тоғысында», «Сындарлы он жыл» кітаптарында, Қазақстан халқы Ассамблеясының сессияларындағы баяндамаларында және өзге де сөйлеген сөздерінде жан-жақты көрсетілген.

Сонымен қатар, Қазақстанда тұратын өзге этностардың тілін дамыту қамтамасыз етілуде. 1673 мектепте оқыту орыс тілінде жүргізіледі. Таза өзбек, тәжік және ұйғыр тілдерінде білім беретін 81 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте Қазақстанның 22 этносының тілі өз алдына өтіледі. Арнайы мамандандырылған 195 этнолингвистикалық орталық ашылып, оларда балалар мен ересектер 30 этностың тілін оқып-үйренуге мүмкіндік алды. Ана тілдерін оқытуға арналған жексенбілік мектептерге бюджеттен қаржы бөлінеді.

Мәдени және ақпараттық салалардағы саналуандылықты дамытуға үлкен назар аударылуда. Тек 1990-1991 жылдары республикада 49 этномәдени бірлестік құрылған болатын.[3]. Қазіргі кезде, қазақ және орыс театрларымен қатар, 4 ұлттық (этностық) театр - өзбек, ұйғыр, кәріс және неміс театрлары жұмыс істейді. Олардың үшеуі ТМД аумағындағы бірден-бір театр. Газеттер мен журналдар 15 тілде шығады, 8 тілде радиобағдарламалар, 11 тілде телебағдарламалар беріледі, 19 этнос БАҚ-тарының қызметін қолдауға мемлекет қаржы бөледі, ал олардың саны 33. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда діннің нақты қайта өркендеуі жүзеге асты. 18 жыл ішінде діни бірлестіктердің саны 6 есеге өсіп, 1991 жылғы 671-ден 2009 жылы 4200-ге жетті. Қазіргі уақытта 3200-ге жуық мешіт, шіркеу, ғибадатханалар жұмыс істейді.

Осылайша, Қазақстанда түрлі этностар мен конфессиялардың бейбіт өмір сүруін қамтамасыз ететін ұлттық саясаттың бірегей тәжірибесі жинақталған. Бұл ретте, этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісі нәтижелілігінің басты факторы - ешкімнің артықшылығына да, ешкімнің кұқығына қысым көрсетуге де жол бермейтін, елімізде тұратын этностық топтар мүдделерінің теңдігін сақтау болып табылады.

Бұдан біз Елбасымыздың этносаралық қатынастардың алдын алу шараларын жіті назарда ұстайтынын байқауға болады. Елді дұрыс ақпараттандыру ғалымдарға, журналистерге, саясат көрігін қыздырып жүрген азаматтарға сын. Сол себепті магистратурада, доктарантурада дін татулығы, ұлтаралық татулық тақырыптарын зерттейтін мамандар дайындау керек. олар Ассамблея жұмысына баға беріп қана қоймай, алдағы мақсаттарына да бағыт-бағдар бере алатын жоғары дәрежеге ие болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Б.А.Молдағалиев А.П.Рамазанова Этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері - Орал, 2013 оқу құралы
2. Қоғам және Дәуір журналы №1(45) 2015
3. Егемен Қазақстан, 2011 14 желтоқсан

Байбисенова Гаухар
студентка 3 курса специальности «Политология»
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Казахстан
(Научный руководитель: к.полит.н., профессор Онучко М.Ю.)

ОПЫТ ИЗРАИЛЯ В БОРЬБЕ С ТЕРРОРИЗМОМ

Наибольший опыт борьбы с современным терроризмом у Израиля. С 1970-х годов государство Израиль выработало ряд основополагающих подходов и принципов в области борьбы с терроризмом. В целом, за период сложились несколько направлений и концепций противодействия терроризму.

Исследователи выделяют несколько концепций антитеррористической стратегии Израиля. Первая концепция исходит из того, что терроризм – это противник, не признающий общепринятых норм, правил поведения и жизни, поэтому Израиль должен вести жесткую борьбу с терроризмом, применяя любые средства для снижения его угрозы. Согласно второй концепции Израиль налаживает отношения с другими государствами по вопросам борьбы с терроризмом и пытается создать реально работающую нормативную базу по противодействию этой угрозе. Третья концепция представляет собой совокупность экономических, политических и военных мер, которые следует применять к государствам, поддерживающим терроризм [1].

Следует обратить внимание на идеи профессора Й.Дрора, который является одним из наиболее ярких разработчиков антитеррористической стратегии Израиля. По мнению израильского идеолога борьбы с терроризмом, во главе угла становится нахождение особого подхода, при противодействии террористам, так как, террористы отличаются фанатичным мышлением, моралью и ценностями. При изучении и понимании террористов, как правило, стараемся воспринимать и находить ответы на терроризм в рамках своего привычного мышления. Большинство стратегических доктрин США, указывал профессор, как раз отличаются указанным недостатком, т.е. воспринимают противника «своими глазами» и «своими мерками». Борцы с